



**2001 және 2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласының
әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарын бекіту туралы**

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған VIII сессиясының 2000 жылғы 28 желтоқсандағы Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2000 жылғы 29 желтоқсанда N 253 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 309 хатымен

Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 4 бабының 1 тармағына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Z980258_ Заңының 3 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Z934100_ Заңының 40 бабына сәйкес және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысымен ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады: 2001 және 2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспары бекітілсін.

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының
төрағасы
ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

ІІ сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2000 жылғы
28 желтоқсандағы VIII сессиясының
шешіміне қосымша

Алматы қаласының 2001 және 2001-2005 жылдарға арналған
әлеуметтік-экономикалық дамуының

ИНДИКАТИВТІК ЖОСПАРЫ

Алматы қаласының 2001 жылға (үстіміздегі) және 2001-2005 жылдарға (орта
жедел) әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының

ж о б а с ы н а

Баяндама

I. Кіріспе

Алматы қаласының 2001-2005 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 432 P000432_ "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын әзірлеу Ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 наурыздағы N 443 "2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу туралы" P000433_ Қаулысына сәйкес әзірленді.

2001-2002 жылдарға арналған индикативтік жоспар "Қазақстан 2030" Стратегиясында анықталған міндеттерді шешуге бағытталған, бұлар Республика Үкіметінің және қала Әкімі аппаратының жақын болашақтағы іс-қимыл жоспары мен бағдарламасын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаты мен міндетін анықтаудың аясы 1999 жылдың соңы мен экономика секторының макроэкономикалық көрсеткіштері мен тепе-теңдік жағдайы, заңдық ерекшелігі мен оны жақсарту мүмкіншілігінен туындап отыр.

Болжам аралығында Алматы қаласы Әкімі аппаратының негізгі күш-жігері бюджеттің табыс бөлігін молықтыруға, өндірістік кәсіпорындарды жан-жақты қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, импортты алмастыру өндірісін дамыту, экономикаға инвестиция тарту, шағын кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау болып табылады. Жақын үш жылда кедейшілікпен күрес кешенді іс-қимыл жоспары жүзеге асырылатын болады.

II. Алматы қаласының 1995-1999 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының талдамасы

Көрсеткіш ! 1995 ж. ! 1996 ж. ! 1997 ж. ! 1998 ж. ! 1999 ж.

Тұрғындардың орташа

жылдық саны, мың адам 1113,2 1114,7 1118,9 1124,7 1132,4

Еңбек ресурсы, мың адам 779,1 788,9 730,0 776,4 769,5

Қала экономикасында

жұмыс істеушілер, мың адам	587,4	589,3	533,3	546,9	560,2	
Жұмыссыздар саны, мың адам	68,4	81,5	83,2	88,2	90,9	
Жұмыс істеушінің жұмыссызға қарсы деңгейі, %	10,4	12,1	13,5	13,9	14,0	
Орташа еңбек жалақысы, теңге	5822,0	8207,0	10837,0	12731,0	15344*	
Орташа айлық зейнетақы, теңге	1677,0	2902,0	3217,0	4409,0	4554,0	
Күн көру мөлшері, теңге	2866,0	4310,0	4055,0	4456,0	4108,0	
Зерттелген отбасының орташа табысы, теңге	3067,0	4132,0	5369,0	5657,0	6056,0	
Зерттелген отбасының орташа шығыны, теңге	2930,0	3940,0	4960,0	5367,0	5643,0	
Өнеркәсіп кәсіпорындарының саны	546	491	691	1113	1187	
Жұмыс істеушілер саны, мың адам	66,8	52,8	49,6	50,9	49,6*	
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд. теңге	29,2	36,3	43,6	59,1	63,8**	
Жалпы көлем көрсеткіші,%	70,5	101,2	105,0	105,9	105,2	
Көтерме тауар айналымының көлемі, млрд. теңге	29,9	63,3	121,9	161,3	179,4	
Сыртқы тауар айналымы, млн. АҚШ доллары	1282,7	1174,2	1572,0	2334,1	1864,6	
оның ішінде экспорт	404,6	175,5	314,8	805,6	772,2	
импорт	878,1	998,7	1257,2	1528,5	1092,4	
Күрделі құрылыс инвестициясы, млн. теңге (1991 ж. бағасымен)	218	216	159	106	106	
Тұрғын үйлер көлемі, мың ш.м.	216,9	222,1	223,1	173,3	194,6	
Құрылысы аяқталмаған үйлердің көлемі, млн. теңге	17320,0	17676,0	12592,0	11563,0	10121,0	
Бюджетке түскен салықтар мен басқа төлемдер, млрд. теңге	23,6	27,2	46,1	65,5	83,6	

Мектепке дейінгі мекемелер, бірлік	276	202	199	189	167
Олардағы балалар саны, мың адам	38,1	35,0	28,7	27,6	20,4
ОАОО саны	28	31	33	42	50
оның ішінде мемлекеттік емес	3	8	8	17	28
Ауруханалардағы төсек саны	14672	14511	14567	13869	11809
оның ішінде 10000 тұрғынға шаққанда	126	125	137	129	104
Емдеу-сауықтыру емханаларының мекемелерінің саны, бірлік	120	111	128	142	139

* - ірі және орта кәсіпорындар

** - Темекі компаниясының көлемін ескеріп

1995-1999 жылдары қала экономикасы бірқалыпты дамыды. Қала өнеркәсібінде 1996 жылы өнеркәсіпті дамытудағы қала бағдарламасын жүзеге асыру, ірі табыссыз кәсіпорындарды қайта жарактау және оның аясында шағын шаруашылық үлгілерін дамыту арқасында күйзелуден аман шықтық.

Инвестициялық салада инвестиция көлемінің төмендеуі байқалады, бұдан барып ірі инвесторлардың қызығушылық мүдделерінің жаңа астанаға ауғандығы байқалады, сондай-ақ ірі Ұлттық және Темекі компаниясының басқа аумаққа көшуіне әкеп соқтырды.

Өткен жылдан бастап тұрғын үй құрылысы саласында жағдай жақсара түсті. Бұған тұрғын үй құрылысының бағдарламасын жүзеге асыру арқасында қол жеткізілді, шағын ауқатты тұрғындарды үймен қамтамасыз ету үшін бұл мақсатқа бюджеттен тыс қаржылар жұмылдырылды.

Алматы қаласында жеке секторды бір уақытта дамытуда білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесі сақталды.

Алматы қаласында орта айлық жалақы мен әр адамның орташа айлық табысы республика деңгейінен асып түседі.

III. Алматы қаласының 2001-2005 жылдарға арналған
болашақтағы жоспары

Алматы қаласының 2001-2005 жылдарға арналған
әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші

Көрсеткіш	!2000 ж.	!2001 ж.	!2002 ж.	!2003 ж.	!2004 ж.	!2005 ж.	!2005 ж.
	!	!	!	!	!	!	!2000ж.
	!	!	!	!	!	!	!салыст.
	!	!	!	!	!	!	!%есеб.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд. теңге	49,4	52,9	56,0	59,7	61,8	63,7	128,8
өткен жылға қарағанда өсу көрсеткіші (%)	106,4	107,0	105,9	106,5	103,5	103,1	
Күрделі құрылысқа инвестиция, барлық қаржыландыру көздерінің есебінен, млрд. теңге	11,69	13,81	17,12	18,24	18,5	19,07	163,2
Барлық қаржыландыру көздері есебінен тұрғын үйлерді іске қосу, мың ш.м.	221,8	247,0	250,0	253,0	256,0	260,0	117,2
өткен жылғы өсу қарқыны (%)	114,0	111,4	101,2	101,2	101,2	101,6	
Орталықтандырылған бюджет түсімдері, млрд. теңге	92,2	94,2	99,1	103,7	108,6	113,7	120,7
Жергілікті бюджетке түсімдер, млрд. теңге	42,6	44,7	45,7	47,8	50,1	52,5	123,2
Жергілікті бюджет шығыны, млрд. теңге	41,7	48,6	44,99	47,2	49,5	51,9	124,5
оның ішінде бюджеттік алымдар, млрд. теңге	22,6	26,3	27,7	28,9	30,2	31,4	138,9
Мектепке дейінгі ұйымдар	165	165	165	165	166	167	101,2

Осы ұйымдардағы								
балалар саны, мың								
адам	21,85	25,85	25,85	25,85	26,02	26,09	119,4	
Жалпы білім беру								
ұйымдары	188	189	190	192	193	195	103,7	
Мемлекеттік жалпы								
білім беретін								
мектептердегі								
балалар саны, мың								
оқушы	186	188,1	190,1	192,2	194,2	195,2	104,9	
ОАОО оқушылар саны -								
барлығы	59	69	69	69	69	69	116,9	
оның ішінде оқушылар,								
мың адам	16,3	18,87	19,25	19,43	20,25	20,8	127,6	
Жыл басындағы								
тұрақты тұрғындар								
саны, мың адам	1138,3	1143,0	1147,0	1152,0	1156,0	1159,0	101,8	
Еңбек ресурстары,								
мың адам	772,9	776,0	778,4	782,1	784,8	786,8	101,8	
экономикадағы жұмыс								
істеушілер, мың								
адам	563,1	579,2	597,2	603,5	609,1	613,6	109,0	
Жұмыссыздар саны,								
мың адам	90,9	77,3	60,6	57,6	54,7	52,0	64,7	
Жұмыс істеушілерге								
жұмыссыздар қатары,%	13,9	11,8	9,2	8,7	8,2	7,8		
Қаладағы еңбек								
жалақысының қоры,								
млрд. теңге	59,2	65,0	70,8	77,3	84,4	92,2	156,0	
Орташа айлық еңбек								
жалақысы, теңге	16294	17871	19406	21090	22921	24910	152,8	
Өткен жылғы нақты								
жалақы индексі,%	101,8	102,6	103,2	103,8	104,1	104,6		
Кедейшілік мөлшері,								
теңге	1679	1869	2328	2817	3393	4113	2,4р.	
Кедейшіліктен төменгі								
тұрғындар саны,								
мың адам	125,7	138,1	138,1	134,0	124,6	115	91,4	

Болашақтағы басты міндет - қала экономикасының дамуына дұрыс бағыт сілтеу, ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту. Алматы қаласының интеллектуалдық, өнеркәсіптік, қаржы, мәдени күш-қуатын жұмылдыру жолымен.

I. ТАРАУ. Алматы қаласының экономикасын дамыту

Өнеркәсіпті дамыту

Кіріспе

Болашақтағы қаланың дамуының басты мақсаты - кәсіпорындарды жан-жақты қолдау, бұдан экономиканың дамуы қамтамасыз етіліп және жаңа жұмыс орындары құрылады, тоқыраған кәсіпорындарды ірі реформалар жүргізу арқылы ірілендіру болып табылады.

Ерекше көңіл аудару жаңа бәсекеге түсе алатын өнім шығару.

Қала өнеркәсібінің 1995-1999 жылдарға арналған дамуын талдау
Қаланың мықты кәсіпорындарын қолдау, тоқыраған кәсіпорындарды ірілендіру арқасында 1996 жылдан бастап өнеркәсіптің құлдырауына жол берілмеді, бүгін өндіріс көлемін дамытуға дұрыс жағдай қалыптасты.

1999 жылдан бастап қала өнеркәсібі жылғы бағдарламамен даму үстінде, бұл үстіміздегі жылы өндіріс көлемін 31% арттырды (республика бойынша - 15,6%) болды. Үстіміздегі жылы орта және ірі кәсіпорындардағы құлдырау тоқтатылды, бұған тоқу және тігін өнеркәсібі қосылады.

Алматы қаласында республика бойынша жалпы өнеркәсіп көлемі 1995 жылы 4,4%-дан 1999 жылы 5,5%-ке өсті.

Соңғы үш жылда өнеркәсіп өндірісінің құрылымында мынадай өзгеріс болды: тағам өнеркәсібі 23%-дан 34,4%-ке, электр және электрондық өндіріс 3,5%-дан 12,7%-ке, электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 15,1%-дан 17%-ке өсті. Басқа салада ерекше өзгерістер болған жоқ.

Оң өзгерістерді республикалық импорт алмастыру бағдарламасы береді, бұл республика кәсіпорындарын жабдықтармен қамтамасыз етуге жол ашады. "АЗТМ" АҚ-ны Ресейге жіберу көлемі "Испат Кармет", "Қазақойл" ҰМҚ, "Алаутрансгаз" АҚ, "Шымкентмұнайсервис" АҚ және басқалардың тапсырыс беруінен азая түсті. "Алматы кілем" АҚ шикізатының жартысынан көбін қазақстандық кәсіпорындардан алады. "Алматы маргарин зауыты" 50 кәсіпорынмен жұмыс істейді. "Беккер және К" АҚ, "Іскер" АҚ, "Бахус" АҚ

өнімдеріне тапсырыс беру 50%, "Рахат" АҚ - 40% болып отыр.

Жоғарыда аталған бағдарламаларды жүзеге асыру салдарынан қала

кәсіпорындарында 3,7 мың жұмыс орны құрылды.

Бүгінгі күні шұжық өндіру 1997 жылмен салыстырғанда 29%, өсімдік майы 2 есеге өсті, кондитерлік бұйымдар, шоколад және қант 40%, ұзақ мерзімдегі кондитерлік бұйымдар - 1,7 есе өсті, телевизорлар - 3 есе өсті, 10 және одан көп жолаушыларды тасымалдау - 20 есе, жүктерді тасымалдау - 8 есе өсті. Бейнетаспаға жазу аппаратураларын, музыкалық орталықтарды, сұйықтар өлшемдері, құрылыс өнімдерін шығару қолға алынды.

Үстіміздегі жылдың 8 айындағы өнеркәсіп салаларының даму
сипаттамасы

Салалар	!1999 ж. 8 айдағы ! !жеке көлем ! !индексі, %	Жалпы көлемнің ! жеке үлесі, % !
Барлық өнеркәсіп	131,0	100,0
оның ішінде		
тау-кен өндірісі	50,3	0,02
қайта өңдеу өндірісі	146,7	83,1
оның ішінде тағам өнімдерінің өндірісі	133,9	34,4
тоқыма-тігін өндірісі	109,4	2,2
қағаз, картон және басылым өндірісі	96,5	10,5
химия өндірісі	159	2,2
минералдық тағам өндірісі	151,8	3,5
металлургиялық өнеркәсіп және металдарды өңдеу	137,7	5,5
машина және жабдық өндірісі	68,7	3,6
электр және электр жабдықтары өндірісі	322,1	12,7
электр қуатын, газды және суды өндіру, бөлу	97,0	16,9

Жыл басынан бері қаланың өңдеуші кәсіпорнына, млн. теңге

инвестицияланды, осында негізгі қаржы тағам өнеркәсібі өндірісіне бағытталды. Электр энергиясы, газ және суға 53,0 млн.теңге бөлінді. Өнеркәсіпке тұтасымен алғанда қаланың инвестициясы мен құрылысының жалпы көлемінің 4% үлесі т и е д і .

Бүгін қаланың кәсіпорнында 45,4 мың адам еңбек етеді, немесе қаланың экономикасына тартылғаны 19% болып отыр.

Алматы қаласы 1998 жылдан бастап еркін кәсіпкерлік аймағы деп жарияланды. Осы ретте шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламасында Республикамызда алғашқы болып Бизнес-инкубатор жұмыс істейді.¶Үстіміздегі жылы оның құрамында жаңа кәсіпкерлер мектебі құрылды. 1997 жылдың наурызынан бастап кәсіпкерлерге басқаруына, жалға сатуға және қайтарымсыз 1800 объектілер мен 1000 жер пайдалану құжаты берілді. Осы жылдары шағын бизнес субъектісіне пәтерлерді қайта жаңартуға 1500 рұқсат берілді. Олардың осы жұмыстарына салық жағынан жеңілдіктер беріліп оларға қысым көрсету азайып, 2 есеге патенттің тізбесі ұлғая түсті.

Қалалық және кәсіпкерлер ассоциациясы құрылып, оларға деген қамқорлық және өзекті мәселелерін білу бұқаралық ақпарат құралдары, дөңгелек стол конференциялар, семинарлар арқылы жүзеге асады. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы айдарлар ашылды. Кәсіпкерлер өнімі кеңінен н а с и х а т т а л у д а .

1998 жылдан бастап жергілікті бюджеттен шағын кәсіпкерліктің қала экономикасына өте қажетті басым жобалар қаржыландырылуда.

Бүгін шағын кәсіпкерлік қала бойынша шығарылатын өнімнің 9% қамтамасыз етеді, салықтың және басқа төлемдердің 17,4% береді.

2001-2005 жылдардағы өнеркәсіп пен шағын кәсіпкерліктің даму болашағы

Осы бағыттағы барлық басымдылық өнеркәсіпті және орта және шағын бизнесті дамытуға жұмылдырылады, экологиялық мәселені шешуге, көлік пен байланысты дамытуға, көріктендіруге, экономиканың маңызды тұтқасына инвестиция тартылады.

2001-2005 жылдардағы өнеркәсіп пен шағын кәсіпкерлікті дамыту

Өнеркәсіпті дамыту саласындағы болашақтың басты мақсаты кәсіпорындардың барлық салаларында ішкі және сыртқы нарықты толығымен қамтамасыз ету жолында бәсекелес өнімді көптеп шығарып, осы бағытта жаңа

жұмыс орындарын құру.

Салалар бойынша өндірістік өнімнің көлемін арттыру
қарқыны

(%)

салалар	! 2001 ж.	! 2002 ж.	! 2003 ж.	! 2004 ж.	! 2005 ж.	!2005 ж.
	!	!	!	!	!	!2000ж.
тау-кен өндірісі	100	100	100	100	100	100,4
қайта өңдеу өндірісі	108	106,7	107,5	104,0	103,5	133,4
оның ішінде:						
тағам өндірісі	109,9	105,4	107,1	105,3	102,9	134,4
тоқыма-тігін өндірісі	100	114,5	105,5	106,9	110,4	142,3
тері өндірісі, тері және аяқ киім бұйымдары	125	160	125	120	116,7	в 3,5р.
қағаз, картон, басылым өндірісі	98,8	104,1	100,7	102,1	101,8	107,6
химия өндірісі	123,2	133,7	103,4	102,9	103,4	181,2
резина және пластмасса бұйымдары	100,5	100,2	100,0	100,0	100,0	108,0
металл емес және минералды өнім						
өндірісі	100,5	100,3	100,9	101,1	101,5	104,4
металдарды өңдеу	91,8	103,5	103,0	103,2	103,1	104,2
машина және жабдықтар өндірісі	108,7	103,3	102,6	102,4	102,3	120,6
электронды жабдықтар өндірісі	109	108,6	118,4	100,5	100,4	141,3
көлік жабдықтары						
өндірісі	169,1	115,5	126,8	110,7	116,2	в 3,1р.
электр қуатын, газ және суды өндіру						
және тарату	102,6	102,2	101,8	101,0	100,7	108,5

2001-2005 жылдары белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін қаланың өнеркәсіп тұтқасын реформалауды жалғастыру шағын өндірісті кәсіпорындарды санациялауды қолдану, сонымен бірге қажетті салаларға инвестиция бөлу.

Өндірістің көлемін дамытуда орта және шағын бизнесті дамыту қолға алынады бұған ірі кәсіпорындар мен орта және шағын кәсіпорындар бірлесіп бірге жұмыс істейтін болады. Шағын кәсіпкерлік үлгілерге, барлық интеллектуалдық, материалдық және басқа ресурстар тартылатын болады.

Алматы қаласында шағын өндірісті қолдаудың маңызды үлгілері өнеркәсіп аймағын дамыту болып табылады. Соңғы 5 жылда қаланың барлық аудандарында бизнес-инкубаторлар құрылып, олардың қызметінде өнеркәсіпке инвестиция тартуға жол ашылады. Оның көрінісі ретінде бұл бағытта Инновациялық технология орталығын құру болып табылады.

Өнеркәсіпті өңдеу саласында шикізат-дайын өнім-сауда принципі бойынша компаниялар немесе сауда-өнеркәсіп бірлестіктері құру көзделеді.

Қазір "Бейбітшілік халықаралық сауда-өнеркәсіп кешенін" құру жобасы аяқталуда, оның құрамына 2-жылда 100 шағын-фабрикалар құрылады, олар тігін бұйымдарын, жоғарғы киімдерді, аяқ киімдерді және басқа бұйымдарды шығарады. Жаңа орталық 20 мың жұмыс орындарын құруға жол ашады.

Тұтыну тауарларын автомобильдерді, электрондық, электротехникалық, химиялық, тағам және жеңіл өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру арқылы кеңейтуге ж о л а ш а д ы .

Осылардың нәтижелерінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2005 жылы 63,7 млрд . теңге ұлғаяды, 2000 жылға қарағанда 28,8% өсе түседі.

Кәсіпорындарды технологиялық жағынан қайта жабдықтауға қол жеткізілді, бұдан өндіріс қарқыны молыға түседі.

Мәселен "Искер-ГАЗ" ААҚ-да жазба дес автомобильдер жолаушылар мен жүктерді т а с ы м а л д а й т ы н б о л а д ы .

"Найза АҚ" Қазақстан ФАВ ЛТД ЖШС БК шағын автомобильдер шығарылады және "Шкода Қазақстан" БК троллейбустар шығарылады, бұл көлікпен жабдықтауды үш есеге арттырады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінде оң өзгерістерге қол жеткізіледі.

2005 жылы өндіріс көлемі арта түседі, "АХБК тігін компаниясы ААҚ мен " Нар ААҚ" жаңара түспек. Дәл қазір "Ақ жіп" АҚ өз өнімін Кореяға, Ресейге және қазақстандық әріптестеріне әдемі бұйымдар шығаруға жөнелтеді, бұдан оның қ а р қ ы н ы 3 0 е с е ө с п е к .

Тағам өнеркәсібі де жедел дамитын болады. 2005 жылы бұл салада импорт толығымен алмастырылады. Тағам өнімдері, ірі, орта және шағын

кәсіпорындарда 34,4%, сыра шығару 50%, кондитерлер 42,2%, өсімдік майы 10%, ш ұ ж ы қ 3 3 , 7 % ө с е т ү с е д і .

Химия өнеркәсібі кәсіпорындары өз өнімдерін 81,2%, арттырады. Осы салада "Үркер Косметик" Осы салада ПУФ (126,7%), "Қазақ Аджанта Фарма ЛТД" ЖШС медициналық препараттарды шығарады, медициналық өнімдерді 1,0 млрд. т е н г е г е ұ л ғ а й т а д ы .

ЛЖ "Электроникс Алматы" Қазақстан кір жуғыш машиналары шығарылады және телевизорлар шығарылады. Электротехникалық жабдықтар 2005 жылдың с о ң ы н д а 3 8 , 4 % ө с е д і .

Бұған қоса "ШҰҒА" ЖШС кәсіпорны құрылады (памперстер мен тазалық бұйымдары), "Аноль ЖШС (электр энергиясының құралдары) "Нида қаржы өнеркәсіп т о б ы " (б а л ы қ ө н і м і) .

Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру мәселесі жайлы шаралар қолданылады. Қалада вексельдік нарық дамып, клирингтік палата құрылады.

Жергілікті тауар өндірушілерді қолдап, кәсіпкерлердің шет елдік әріптестермен іскер байланыстарын ұйымдастырып, сыртқы экономикалық қызметте т е п е - т е н д і к т і с а қ т а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2005 жылы 2000 жылға қарағанда 25,3% өседі, импорт 18,2% өседі.

Қ о р ы т ы н д ы

Алматы қаласының өнеркәсібіндегі көзделген табыстар 2005 жылдың соңында өндіріс көлемі 28,8% өседі, өнеркәсіп өнімі 63,7 млрд.теңгеге өседі.

Өндірістік бағдарламаларды қаржыландыру көзі индикативтік жоспарды қамтамасыз етуде кәсіпорындардың негізгі қаражаты және екінші деңгейдегі банктің несиелері болып табылады.

И н ф р а қ ұ р ы л ы м н ы ң д а м у ы К і р і с п е

Алматы қаласында көлік пен байланыс инфрақұрылымы жақсы дамыған, бірақ соңғы жылдары қаржы ресурстарының тапшылығынан жылжымалы құрамы толығымен жүзеге аспады. Пайдаланушылар Алматы қаласындағы жолдардың техникалық жағдайына көңілдері толмайды. Жағдайды түзеу мақсатында көлік пен көріктендіруді дамыту жөніндегі қалалық бағдарлама әзірленді.

1995-1999 жылдары инфрақұрылымды дамыту талдамасы Автобустар паркі 14%, электрокөлік 26% қысқартылды, мұның өзі жолдың ұ з ы н д ы ғ ы н 2 % а з а й т т ы .

Қала тұрғындарына 70 көлік кәсіпорындары қызмет етеді, 205 жолсызба

жолаушылар көлігі, 2500 автобустар, трамвайлар мен троллейбустар, сондай-ақ 800 таксомоторлар қызмет көрсетеді.

Көлік саласын дамыту бағдарламасына сәйкес олар 40 автобус, 39 трамвай, 5 троллейбус алғызды, 40 троллейбус жөндеуден өтті.

Жолдарды техникалық жөндеу жақсара түсті. Үстіміздегі жылы "Виртген" фирмасының соңғы жаңалық техникасы мен жол көшелері күрделі жөндеуден өтті. Қазір "Бошунг" фирмасының жол тазалау техникалары алғызылуда.

Телекоммуникацияларды жаңарту жүзеге асырылуда. Бүгін халықтың 84% байланыспен қамтылған, картафондық, таксофондық байланыс ұлғаюда.

Коммуналдық шаруашылық саласында Газли-Шымкент-Алматы газ құбырының екінші орамының құрылысы аяқталды.

Инфрақұрылымды дамыту болашағы

Тұрғындарға көлік қызметін жақсарту жолында көлік парктері жаңарды, оларға бюджеттен тыс қаражаттар тартылды. Үлкен жайлы автобустар қызмет көрсетуде.

Болашақта электр көлік дами түспек, кәсіпорындардың жеке қаражаты есебінен жаңа троллейбус тораптары қосылмақ.

Ішкі басқару арқасында көлік ұйымдарын реформалау жүзеге асырылуда. Қалалық көлік және көріктендіру Бағдарламасына сай жыл сайын 120 шақырым жол жөндеуде.

Экологиялық мәселені шешуде Райымбек даңғылы мен Саин көшесінің түйісінде солтүстік айналымдағы жолдар реттелетін болады.

Метроның алғашқы құрылысы аяқталады, оған республикалық бюджеттен жыл сайын 4 млрд. теңге бөлінеді.

Шет елдік инвесторлардың қаражатынан аэровокзал мен әуежай ғимараттарының құрылысы жүргізіледі. Көлік кәсіпорындарының қаражаты есебінен Алматы-І станциясының жолаушылар депосының ғимараты қайта жөндеуден өтеді. "Сайран" автовокзалы күрделі жөндеуден өткізіледі.

2005 жылы көлік жүктерін тасымалдау өткен жылға қарағанда 13,2% өсті және 5,85 млн.тонна жүк тасымалданды. Осы аралықта жолаушыларды тасымалдау 13% болып, 3,0 млрд. жолаушы км пайдаланылды. Бұл орайда, 18,5 млрд. теңге қызмет атқарылды. 2000 жылға қарағанда 16,2% өседі.

Жыл сайынғы телекоммуникация жүйесіндегі жаңарудан тұрғындарға телефон аппараттарын қою 15% өсіп, қызмет көрсету көлемі 56% артты.

Сыртқы экономикалық қызмет

1995-1999 жылдардағы сыртқы экономикалық қызметтің талдамасы

Алматы қаласында сыртқы экономикалық сауда айналымының көлемі 1995

жылы 45,3% өсті, 1999 жылдың соңында бұл көрсеткіш 1864,6 млн. АҚШ долларына жетті. Бұл жағдайда, экспорт 33-тен 41%-ке артты.

Экспорттық өнім құрылымында 31,7% минералдық өнімге, 19,4% азық-түлік тауары мен шикізатқа, 16,7% құнды металға, 8,4% машина, жабдық, көлік және приборларға, 4,7% химиялық приборларға, пластмассаға және каучук үлесіне тиеді. ¶ Үстіміздегі жылы Алматыда 122 әлем елдерімен сыртқы экономикалық байланыс орнатылды. Осы жылдың қаңтар-шілдесінде сыртқы сауда айналымының көлемі 1049,6 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл өткен жылға қарағанда 6,6% өсті, оның ішінде 37% экспорттық жабдықтаулар.

40% сыртқы сауда айналымы ТМД елімен 31,6%, европалықтармен 19,4%, азиаттық елдермен 9,3%, Америка, Африка, Австралия континентімен болып о т ы р .

Негізгі тұтынушылар - Швейцария (құнды және жартылай құнды тастар мен металдар), Қытай (жай металдар, тері және басқа ұйымдар), Ресей (минералдық өнімдер, өсімдік майы, машиналар мен механизмдер, тігін бұйымдары), Өзбекстан (астық).

Негізгі экспорттық жабдықтаулар өнімдерді тасымалдау саласына жатады.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында 1320 бірлескен шаруашылық және шет елдік кәсіпорындар жұмыс істейді, олардың басты қызметі ішкі нарық болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызметтің даму болашағы

Болжам бойынша, сыртқы экономикалық қызмет жергілікті тауар өндірушілермен, іскер ұйымдармен, кәсіпкерлермен шарт жасасу арқылы жүзеге

асырылады. Шет елдік әріптестермен сыртқы экономикалық қызметте тепе-теңдік

жағдай қалыптасады.

2005 жылы қалалық кәсіпорындардың (кондитерлік, арақ-шарап бұйымдары, тігін кәсіпорны, автомобильдер, кілем және басқа өнімдер) экспортқа өнім шығаруын арттыру жоспарланып отыр.

2005 жылы экспортқа өнім шығару көлемі 2000 жылға қарағанда 25,3%, импорт 18,2% өседі.

Инвестиция

Кіріспе

Соңғы жылдары инвестициялық қызмет қарқыны төмендей түскен. Өйткені ірі инвесторлар өз көңілдерін жаңа астанаға аударған және мемлекеттің

инвестициясы да азайды (метродан басқасы). Осыған байланысты, қалалық инвестициялық стратегия әзірленді. Бұл - қаланың инвестициялық ахуалын жақсарту жолында орындалады.

1995-1999 жылдардағы инвестициялық қызметтің талдамасы

1999 жылы күрделі құрылыстағы инвестиция 1995 жылға қарағанда 2 есе қысқартылды.

Күрделі құрылыс саласында барлық басымдылық өңдеуші кәсіпорындарға, саудаға, көлікке және байланысқа берілген. Тағам өнеркәсібіне инвестиция соңғы үш жылда 3 есеге өскен, саудаға, автомобильдерді жөндеуге және үй бұйымдарын жөндеуге 28 есе, көлік пен байланысқа 22% өсе түскен.

Өткен жылы жеке қаражат есебінен және шет елдік инвестициядан жұмыс істеуге ірі "Рамстор" мәдени-сауда орталығы, "Астана" сауда орталығы берілді, сыра шығаратын зауыт тұрғызылды, "Демир" банк ғимараты мен техникалық қызмет көрсету станциялары іске қосылды.

Осыған қоса, қаржы тапшылығына байланысты 1994 жылдан бері қалада бірде-бір әлеуметтік сала объектісі берілмеді.

Үстіміздегі жылы инвестиция 36,4% азайды, ол ірі объектілердің жоқтығынан болып отыр. Күрделі қаржы көздері заңды және жеке тұлғалардың қызметіне байланысты болып отыр (92,8%).

Жалпы республикалық инвестиция көлемінде қала үлесінің негізгі капиталы 5,6% құрайды. Үстіміздегі жылдың 8 айында бюджет қаражатының үлесі 12,1 есе өсті. Жергілікті бюджетті инвестициялау көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 есе артты. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қалалық көлікке, сусын шығаруға, тұтынатын газды қамтамасыз етуге 700,0 млн.теңге бөлінді. Жол техникасы сатып алынды, "Искра" кинотеатры қайта жөнделді.

Шет елдік инвестицияның салмағы осы аралықта 10,4 есе азайды. Талдама көрсеткеніндей, шет елдік инвестицияның 90%-теміржол шаруашылығына, сауда саласына және Алматы-Қарағанды автожол құрылысына бөлінді. Машина құрылысы, металл өңдеу, тігін және медициналық өнеркәсіптер және басқалар қаланың басымды инвестициясынан тыс қалып отыр.

Қаладағы ең өткір мәселе 1998 жылы республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын метрополитен болып отыр. Жыл сайынғы бөлінетін 100,0 млн. теңге қаражат осы бағытқа жұмсалуда. Жыл сайын бұл жұмыстарға 4,0 млрд. теңге бөлу қажет.

Алматы қаласында 200 жалпы білім беру мектептері мен мекемелері жұмыс істейді. Олар 25-30 жыл бұрын салынған. Оған қоса емдеу мекемелері де 50-ші

жылдары салынған. Бюджет тапшылығына байланысты 1998 жылдан бері оларды жер сілкінісіне қарсы қатайту жүргізілмеді. Бұл тұрғыда республикалық бюджеттен жыл сайын 450 млн. теңге бөлінуі тиіс.

Осы жұмыстарды атқаруға байланысты Алматы қаласы Әкімінің аппаратында аймақтық инвестициялық бағдарлама жобасы әзірленді.

1999 жылдан бастап тұрғын үй құрылысы төмендеді. Үстіміздегі жылы тұрғын үйге 34% инвестиция көлемі аударылды, бұл бұрынғыларға қарағанда 1,7 есе көп. Осы тұрғыда құрылыс көлемі 36% өсті. Пайдалануға 168,8 мың ш.м. берілді немесе жалпы республикалық көлемнің 21% құрайды.

Үстіміздегі жылы аяқталмаған құрылыстар коммуналдық меншікке беріліп, басқалар конкурстық негізде берілу көзделуде. Тұрғын үйлерді ипотекалық несиemen беру жолдары қарастырылуда.

1995 жылдан бері құрылысы аяқталмаған объектілер қатары 41,6% азайтылды.

Жалпы алғанда қала тұрғындарына тұрғын үй алаңы 1995 жылдан бері бір адамға шаққанда 17,6 ш.м.-ден 20 ш.м.-ге ұлғайды.

2001-2005 жылдарға арналған инвестициялық қызметтің болашағы

Қаржыландыру көзіндегі қала экономикасына инвестиция

көрсеткіш	!2001 ж.	!2002 ж.	!2003 ж.	!2004 ж.	!2005 ж.	!2005 ж.
	!	!	!	!	!	!2000ж.%

Негізгі капиталға

инвестиция - барлығы,

млрд. теңге 28,9 32,8 34,5 36,4 38,2 134,7

оның ішінде күрделі

құрылыс 13,8 17,1 18,2 18,5 19,1 163,2

олардың мына қаражаты

есебінен:

республикалық бюджеттен 1,56 5,0 6,3 8,4 8,7 43,4р.

жергілікті бюджеттен 0,5 0,5 0,5 0,5 0,5 103,7

мемлекеттік кәсіпорындар

мен ұйымдар 0,7 0,4 0,4 0,4 0,5 66,2

мемлекеттік емес

кәсіпорындар 6,1 6,3 6,4 6,5 6,7 125,3

шет елдік инвесторлар 4,3 4,3 4,0 1,9 2,0 57,8

тұрғындар 0,7 0,7 0,7 0,7 0,7 105,0

оған қоса, республикалық

бюджет қаражаты

(Сорбұлақ және басқалар) 1,36 1,36 1,36 1,5 1,2 86,6

Жаңа құрылысқа инвестиция көлемі 2000 жылы 11,7 млрд. құрайды (115,7%, 1999 жылмен алғанда) және 2005 жылы 12,2 млрд. теңгеге жетеді.

Жоғарыда айтылғанда инвестицияның көпшілігі көлікке және байланысқа, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуге, жылжымайтын мүлікпен жұмыс істеуге бағытталады.

Алматы-І станциясының жолаушылар депосы қайта жөндеуден өтеді ("Қазақстан темір жолы" РМК), байланыс объектілерінің құрылысы ("Қазақтелеком" ААҚ) қайта жөндеуден және жаңарудан өтеді.

Шет елдік инвестицияны және кәсіпорындардың өз қаражатын тарту есебінен Төле би көшесі Наурызбай батыр көшелерінде "Көктем Плаза" сауда орталығының құрылысы, Абылай хан даңғылы мен Қабанбай батыр көшесінің түйісінде "Отау Плаза" сауда орталығы бой көтермек.

Шет елдік инвестицияның қаражаты есебінен аэровокзал, әуежай ғимаратының құрылысы жүргізіледі, фармацевтикалық фабриканың екінші кезеңі іске қосылады ("Қазақ Аджанта Фарма ЛТД" БК ЖШС).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 маусымдағы N№960 P000960_ Қаулысына сәйкес Алматы қаласы Әкіміне Үкіметтік сыртқы займ қаражатын беру есебінен Алматы қаласын сумен жабдықтау жобасын жүзеге асыру үшін 30,0 млн. АҚШ долларын бөлу көзделуде.

Алматы қаласында тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында ипотекалық несиелер беру жүйесін дамыту Бағдарламасы әзірленуде. Бұл Бағдарлама ҚР Ұлттық банкінің жұмыс тобымен келісілген. Банкінің ипотекалық несиелерін тартуға 2005 жылға дейінгі құрылысы аяқталмаған үйлердің тізбесі берілді. Қазіргі уақытта Бұзырбаев-Гоголь көшелеріндегі тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүзеге асырылуда. Осы Бағдарламаның арқасында 2005 жылдың соңында 116 мың ш.м. тұрғын үй берілмек.

2005 жылы тұрғын үй құрылысының көлемі 260,0 мың ш.м. құрайды немесе 2000 жылға қарағанда 111,4% құрайды. Жалпы көлемнің 60%-і жеке құрылыс болып отыр.

Халыққа білім беру объектілерінің құрылысына 1992 жылдан бері республикалық бюджеттен қаржы бөлінбейді. 1991 жылдары республикалық бюджет қаржысы "Жетісу-2" шағын ауданындағы мектепке және балаларға арналған мектеп-интернатқа жұмсалынды. Соңғы аталған құрылыстың бітуі

параличпен ауыратын балаларды оқыту және емдеу мәселесін шешуге көмектеседі. Шағын қабатты аудандар мектепсіз қалды.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім беру туралы" Заңын орындау мақсатында 2002-2005 жылдары жергілікті бюджеттен 6286 орынды 7 мектеп құрылысына қаржы бөлінді, оның ішінде: Төле би көшесі мен Ш.Қалдаяқов түйісіндегі мектеп, "Шаңырақ-2", "Жетісу-2", "Думан", "Таугүл", "Ақбұлақ" поселкелеріндегі мектептер мен балалар мектеп-интернаттарына. Атап айтатын жай, қалалық инфрақұрылымның объектілеріне орталықтандырылған қаржы бөлуге қолдау көрсетілуде. Оларға

метрополитен, әлеуметтік сала ғимараттары жатады. Оларды жер сілкінісіне қарсы нығайту қажет.

2005 жылы метро құрылысына 8,0 млрд. теңге бюджет қаражаты керек. Бұл - 2000 жылға қарағанда 43,4 есе көп.

Жалпы алғанда 2005 жылы инвестиция көлемі 38,2 млрд. теңге құрайды немесе 2000 жылға қарағанда 34,7% артып отыр.

2 ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

Тұрғындар, еңбекке тарту және еңбек ресурстарын дамыту

1995-1999 жылдардың талдамасы

Қала экономикасындағы оң өзгерістер демографиялық ахуалға ықпал етуде. Осының нәтижесінде, тұрғындардың саны бірқалыпты өсе түсуде.

1995-1999 жылдары қала тұрғындарының саны 19,2 мың адамға өсті немесе жылына орта есеппен 3840 адам және 2000 жылы 1138,3 мың адам құрайды. Бұл - қалыпты ахуал қала тұрғындарының табиғи дамуын көрсетеді. 1995 жылы табиғи шығын 1004 адам, 1998 жылы - 227 адам, 1999 жылы тұрақтылық қалыптасып, қазақ болғандардан дүниеге келгендер асып түсті. Осындай ахуал 2000 жылда да сақталды.

Көші-қон сипаттамасы оң нәтижесін беруде. Егер 1995 жылы 759 кеткен адамнан келушілер аса түсті. 1998 жылы 4644 адам келді, 2000 жылы көші-қон 1000 адамға 4,3 құрайды, оның 77%-і еңбекке жарамды болып отыр.

Үстіміздегі жылдың басында қалада 200,7 мың зейнеткер тұрады, бұлар зейнетақы алады. Олардың қатары 1995 жылмен салыстырғанда 11%-ке азайды.

Жоғары оқу орындарындағы студенттер қатары осы аралықта 30,4% артты. Өткен оқу жылында 113,9 мың адам болды. ОАОҚ оқушылар қатары 12,5% және 16,8 мың адам болды. Өткен жылы жалпы білім беру және кәсіптік-техникалық мектептерде 193,2 мың оқушы оқыды.

Соңғы екі жылда халық шаруашылығының салаларында еңбек етушілер қатары 16,4%-ке азайды (шағын кәсіпкерлік саласын ескермегенде). Экономика саласында мынадай өзгерістер болды: өнеркәсіпте, саудада, қызмет көрсетуде, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласында барлығы өзгеріссіз қалды. Қаржы қызметіндегі қызмет етушілер үлесі 3,4-тен 3,6%-ке өсті, мемлекеттік басқаруда - 6,9-дан 8,6%-ке, білім беруде - 16-дан 18,8%-ке өсті. Осы саладағы кейбір азаюшылық көлік және байланыста (12-ден 8%), құрылыста 6,7-ден 5,5%, жылжымайтын мүлік, жалға алу және қызмет көрсету кәсіпорындарында (12,8-ден 11,6%) болып отыр.

Еңбек ресурстарының көлемі 1995 жылмен салыстырғанда 1,3% төмендеді және 769,5 мың адам болып отыр. 1999 жылдың қорытындысында экономика саласында 560,2 мың адам еңбек етті, бұл 72,8% құрайды (1995 жылға - 587,4 мың адам және 75,4%). Еңбекке тартылған тұрғындардың көбісі ірі, орта және шағын кәсіпорындарда, ұйымдарда еңбек етеді, қала мекемелерінде 66,8% жұмыс істейді, 33,2% - өз бетімен жұмыс істейтіндер.

Жұмыссыздар қатары 1999 жылы 90,9 мың адам құрады, 1995 жылдың деңгейінен 32,8% көп. Үстіміздегі жылы кедейлік және жұмыссыздықпен күрес бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде жұмыссыздар қатары 77,3 мың адамға қысқартылды (15%).

Үстіміздегі жылы ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істеушілер қатары 1,5 есеге көбейді. Кәсіпорынның үлесіне - 19%, құрылысқа - 5%, көлік пен байланысқа - 13%, сауда және автомобильдерді жөндеуге - 4%, өзгелері - 59% тиеті.

Үстіміздегі жылдың басынан бері 3941 адам жұмысқа орналастырылды немесе жұмыс іздеушілердің 27,8%. Қоғамдық жұмысқа - 9,0 мың адам тартылды. Өткен жылмен салыстырғанда 4 есе көп, олардың 7,7%-і біліктілігін арттыруға, мамандығын көтеруге жіберілді.

2001-2005 жылдардың болашағы

2001-2005 жылдары көші-қон жағдайы ішкі және сыртқы көші-қон жұмыстарының тиімділігі есебінен арттырылатын болады. Жыл сайын халықтың өсу саны 800 адам, көші-қоннан өсімі 4660 адам болады. Осының нәтижесінде Алматы қаласы тұрғындарының орташа саны 1,8%-ке өсіп, 2005 жылы 1159 мың адам құрайды.

Орта білім беру мектептеріндегі оқушылар саны - 2005 жылдың аяғында 200,2 мың адам болады. 2000 жылмен салыстырғанда 6,3% көп. Кәсіптік-техникалық мектептерде және лицейлерде 11,3 мың адам оқиды немесе 2 есе көп. Орта кәсіптік оқу орындарында 20,8 мың адам немесе 20,3%-ке көп адам оқиды.

Қаланың еңбек ресурсы осы аралықта 1,8%-ке көбейеді, 2005 жылы қала тұрғындарының 67,9% құрайды. Жыл сайынғы орта және шағын бизнесті дамыту бағдарламасы және кедейлікпен, жұмыссыздықпен күрес бағдарламасы 613,6 мың адамды еңбекке тартады, 2000 жылмен салыстырғанда 9% көп. Кәсіпорында - 2,7%, көлік пен байланыста - 1,1%, құрылыста -2,5%, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласында - 1,5%, саудада және тұрмыстық қызмет саласында - 3,5% арта түседі.

Өз бетімен еңбек етушілер қатары - 15,9%-ке өседі, бұлар жеке кәсіпкерлікті, орта және шағын бизнесті қолдау есебінен болады.

Қабылданған шаралар жұмыссыздар қатарын 2005 жылы 52 мың адамға азайтады, жұмыссыздар деңгейі 5 жылда 13,9%-тен 7,8%-ке қысқартылады.

Б і л і м б е р у К і р і с п е

Осы аралықтағы басты мақсаттардың бірі - мемлекеттік білім беру ұйымдарының аясын жаңа объектілерді қосумен толықтыру. 5(6)-жастағы балалар мектеп алдындағы даярлықтан өтеді, оларға мемлекеттік міндетті білім беру қалпы бойынша маркетинг және мемлекеттік тапсырыстарын орындау жолында білім беріледі.

1995 - 1999 жылдарға талдама

Алматы қаласында білім беру мекемелері толығымен сақталды. 1999-2000 оқу жылдары оның аумағында 229 орта білім беру мектебі, 188,0 мың адам оқушылар қатары (оның ішінде 45 жеке мектеп, 3,9 мың оқушысы бар), 61 орта кәсіптік мектептер, оқушылар қатары 22,05 мың адам (28 және 5,25 мың бірлікке с ә й к е с) .

Сонымен қатар, қалада 10 арнайы мектеп-интернаттар білім береді. Онда 2,0 мың оқушы оқиды. 1 жасөспірімдерді еңбекпен оңалту орталығында 120 бала оқиды, 1 жастарды кәсіптік оқыту орталығы, 3 балалар үйі - құрамы 500 бала, 1 психологиялық медицина педагогтық кеңес беру, 1 қалалық білім беру кадрларының біліктілігін арттыру, 1 отбасы балалар үйі, 1 жасөспірім мақау, саңырау балаларды оңалту мектебі (80 оқушы) бар, 25 мектептен тыс ұйымдарда 26,6 мың бала оқиды.

Мектепке дейінгі мекемелер жүйесі 1995 жылы 40% қысқартылды және саны 167 болып 20,4 мың бала (соның ішінде 13 арнаулы балабақша) болып отыр. Үстіміздегі жылы мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар қатары 3 бірлікке азайды, 1170 орынды толықтырылмаған N 282, 177 және NN№351 балалар бақшасы " Алтын Орда" ЖШС-ге берілгендіктен.

1-ші мен 10-шы сыныптарға қабылдау 17,5 мың адам және 13,4 мың адам

тиісінше. 9 бен 10-сыныптарды бітірушілер 15,8 мың адам және 11,33 мың адам.

Осы бағытта мақсатты оқумен қамту жұмыстары атқарылуда. 1998 жылы 198 бос жүрген баланың 193-і мектепке қайтарылды. Өткен оқу жылында 145 бала анықталды, оның 136-сы мектепке қайтарылды. Бұлардың барлығы тағаммен, киіммен, аяқ киіммен және мектеп құралдарымен қамтамасыз етілді. Тұрмысы төмен отбасындағы балалардың барлығы тегін оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Мектептерді информатизациялауға көп көңіл бөлінуде. 1998 жылдан бастап жаңа технологиялар білім беру қалалық орталықтары жұмыс істеуде. Олардың барлығы әдістемелік, бағдарламалық және техникалық құралдармен толығымен қамтамасыз етілген. Бүгін қала мектептерінің барлығы компьютермен жабдықталды.

Қаланың жалпы білім беру мектептері бір қалыпты жұмыс істеуде. Осыған қарамастан, кейбір мектептер 2 және 3 ауысымда жұмыс істейді. Қаланың жаңа шағын аудандарында мектептер аз. Үстіміздегі жылы 1994 жылдан бері бюджет қаражаттары тартылып, "Шаңырақ-2" және N№33 орта мектептің құрылысы аяқталып, 1200 орынды екі мектеп іске қосылды.

Үстіміздегі жылы Алматы Көлік және коммуникация колледжінде теміржол бағытындағы мамандар даярланатын болады. Бюджет қаражаты есебінен N 18 кәсіптік мектепте 30 адам қосымша білім алатын болады.

Еңбек нарқының талдамасы көрсеткеніндей, қала кәсіпорындары мен ұйымдарында кәсіпкер жұмыскерлерге сұраным бар. Үстіміздегі жылы 3,0 мың адам сұранысқа ие болды. Соңғы жылдары осы мектептерге мамандарды қабылдау азайды. Мәселен, "Элько" АҚ полиэтиленді пленкаларды жапсыру мамандарына өте қажет болып отыр. Оларды оқытатын оқу орны жоқ.

Соңғы жылдары орта білім беру мектептерінің барлық меншік түріне қарамастан есеп жүргізуі қиынға соғып отыр. Мұның өзі осы саланы дамытуға талдама жасауға қиыншылықтар келтіруде. Болашақта бұл бағытта жұмыстар атқарылады.

2001-2005 жылдардың болашағы

Алматы қаласындағы білім беру жүйесінің көрсеткіші 2001-2005 жылдары Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" заң талабына және Алматы қаласы Әкімінің білім беру жөніндегі Іс-қимыл жоспарына сәйкес әзірленді.

Болжамды бесжылдықтың аралығында мектепке дейінгі мекемелердің қатары жеке секторды дамыту есебінен 2 бірлікке көбейеді. Осындай жұмыстардың арқасында балалардың қатары 26,09 мың адамға көбейеді. Сонымен 5-6 жастағы балалар толығымен балалар бақшасымен қамтылатын болады. Осы бағытқа

Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 3 шілдедегі өкімімен жергілікті бюджеттен қосымша қаражат бөлінді. 1 шілдеден бастап 4594 бала мектеп алдындағы даярлықтан өтеді, олардың 1418-і мектеп аясында өтеді.

2001 жылы мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар қатары "Қазақстан Темір Жолы" РМК-нің 3 мектепке дейінгі мекемелерінің қосылуы есебінен 3 бірлікке көбейеді.

Жыл басынан бері "Шаңырақ-2" және N 33 мектептің білім беру сыныптары есіктерін аяқара ашты.

Болашақта мектеп-интернаттардың аясы 5 және 1 бірлікке өсе түседі.

2001 жылы Алматы Көлік колледжінің аясында кәсіптік-техникалық мектеп ашылады. Оқушыларды қабылдау 1520-дан 3040 адамға дейін өседі. Кәсіпкер жұмыскерлерді даярлау 2000 жылға қарағанда 2005 жылы 12,3%-ке өседі.

Колледжге қабылдау жоспары 1475 адамнан 2950 адамға артып, қала кәсіпорындары мен ұйымдарына орта білімді кадрлар қатары молығады. Сонымен бірге кадрларды сапалы даярлауға көңіл бөлінеді.

Қ о р ы т ы н д ы

Жоспарланған шараларды жүзеге асыру нәтижесінде орта білім беру мекемелеріндегі оқушылар қатары 5 жылда 6,3%-ке өседі, 2005 жылы 200,2 мың адамды құрайды, оның 11,3 мың адамы кәсіптік мектептерде, 20,8 мың адамы орта кәсіптік мектептерде білім алады.

Балалар бақшасындағы бөбектер қатары 19,4%-ке өсіп, 26,0 мың бөбек құрайды.

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у К і р і с п е

Соңғы жылдары денсаулық сақтау саласында мемлекеттік емес және медициналық қызмет көрсетудің салыстырмалы түрлері жүзеге асырылды. Осы тұрғыда республиканың Конституциясы медициналық қызмет көрсету көлемін сақтап қалды. Болашақта олардың сапасын арттырып, жеке секторды дамытуға жол ашылады.

1 9 9 5 - 1 9 9 9 ж ы л д а р ғ а т а л д а м а

